

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Хаттама № 10 « 23 » 06 2025 ж.

БЕКІТЕМІН  
Факультет деканы  
Абаева Ғ.Ә.



**8D03105 – Психология білім беру бағдарламасы бойынша  
докторантураға түсушілерге арналған  
БАҒДАРЛАМА**

Алматы, 2025

8D03105 –Психология білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы келесі пәндерді қамтиды:

- 1-пән. Психологияның теориялық-әдіснамалық негіздері.
- 2-пән. Психологиядағы тұлға теориялары
- 3-пән. Психологиялық кеңес беру негіздері.

### **1-пән. ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**1-тақырып. Психология ғылым ретінде.** Ғылыми танымның теориялық негізі. Психологиялық ғылымының пәнін анықтаудағы қиындықтар. Психологиялық феноменология. Психологияның түсіндірмелік принциптері: өзара әрекеттесу, детерминизм, тұтастық, субъектілік, реконструкция. Психология ғылымы әлеуметтік институт ретінде. Психологиядағы ғылыми-жаратылыстану және гуманитарлық стратегиялары.

**2-тақырып. Ғылымдар жүйесіндегі психологияның орны.** Психология және жаратылыстану. Психология және қоғамдық ғылымдар. Психология және техникалық ғылымдар. Психологияның негізгі және басқа салалары. Психологияның салалары жүйе ретінде.

**3-тақырып: Психологиядағы әдіснама және ғылыми парадигмалар.** Психология ғылымындағы зерттеу бағытын, логикасын, құрылымын айқындайтын тұжырымдамалар жүйесі. Ғылыми парадигмалар: позитивизм, постпозитивизм, интерпретативизм, конструктивизм. Психологиялық зерттеулердің екі стратегиясын біріктіру мүмкіндігі.

**4-тақырып. Психологияның әдістері.** Психологиялық зерттеудің пәнін анықтау. Эксперименттік-реконструктивтік әдіс және психологиялық зерттеулердің әдістемелері. Психология әдісінің жалпы-ғылыми сипаты және оның пәнінің ерекшеліктері. Нақты психологиялық әдістердің мүмкін болатын жіктеулері. Негізгі эмпирикалық әдістер: бақылау (объективті және құрылымдалмаған). эксперимент (лабораториялық, табиғи, қалыптасушы эксперимент). Сапалық әдістер: нарративтік талдау, феноменологиялық талдау, контент-талдау және т.б. Сандық әдістер: статистикалық талдау (корреляция, регрессия, факторлық талдау). Математикалық модельдеу.

**5-тақырып. Психологиядағы әдіснамалық парадигмалардың даму тарихы.** Ғылыми-психологиялық білімдердің даму кезеңдері. Басқа ғылыми пәндердің аясында психологиялық білімдердің қалыптасу кезеңдері. Діни жүйе мен ритуалдар арасындағы жан туралы түсініктердің дамуы. Жан туралы ілім. «Жан» түсінігі философия мен психологиядағы ғылыми жалпылау ретінде. Демокрит пен Платонның психологиясындағы жан туралы ілімдері. Аристотель шығармаларындағы жан мәселелері. Тәжірибе мен сана туралы ілім. Сана туралы ғылым ретінде психологияның көрінуінің алғышарттары. Р.Декарттың сананы түсіндіру жолы. Дж.Локк бойынша рефлексия сананы зерттеу әдісі ретінде. Парадигмалық кезеңге дейінгі психологиялық білімдердің қалыптасуының жалпы сипаттамасы.

Психология жеке ғылыми пән ретінде (XIX ғ. 66 жж. – қазіргі уақыт). Алғашқы парадигмалардың қалыптасу сатылары. Психологияның дағдарыстары. Психологияның қазіргі жағдайы. Психология ғылымдарының дамуындағы негізгі бағыттар.

**6-тақырып. Психологиядағы структурализм: теориялық негіздері мен әдіснамалық ерекшеліктері.** Сананың эмпирикалық психологиясының пәні мен әдісі. В. Вундттың психологияны жеке ғылым ретінде құру бағдарламасы. Структурализмнің тарихи

калыптасуы (В. Вундт, Э. Титченер еңбектері). Ассоциация сананың жұмыс жасау механизмі ретінде. Апперцепция түсінігі. Э. Титченердің структурализмі интроспективті психологияның нұсқасы ретінде. «Аналитикалық интроспекция» және «стимулдың қателігі» әдістері. Вюрцбург мектебіндегі «жүйелік интроспекция» әдісі және ойлау процестерін зерттеу. Сана құрылымын талдау және интроспекция әдісі.

**7-тақырып. Психологиядағы функционализм: сана мен мінез-құлықтың бейімделу қызметтері.** Структурализм мен функционализм арасындағы айырмашылықтар. Ф.Брентаноның психологияны жеке ғылым ретінде құру бағдарламасы. Брентано Вундтқа қарсы: психологияны жеке ғылым ретінде құрудағы альтернативті бағдарламасы. Ф.Брентано бойынша сананың «интенция» түсінігі. Еуропалық және американдық психологиядағы функционализмнің пайда болуы. К. Штумпф – сананың интеллекттік және эмотивті функциялары. У. Джеймс – сананың ағынын зерттеуі. Дж. Дьюи, Д.Энджелл – функционалды психология. В.К. Шабельников – психика функционалды жүйе ретінде. Сананың классикалық эмпирикалық психологиясының жоғалу себептері. Психологиядағы дағдарыс мәселесі. Сана мен мінез-құлықтың қызметтік рөлі. Функционализмнің білім беру, даму және қолданбалы психологияға ықпалы. Қазіргі когнитивтік және эволюциялық психологиямен байланысы.

**8-тақырып. Қазіргі заманғы психологиядағы жүйелік бағыттың өзектілігі.** Қазіргі психологиядағы жүйелік бағыт. Психологиядағы жүйелік бағыттың ерекшеліктері. Психиканың жүйелік сипаты. Қазіргі психологиядағы негізгі тенденциялар, көпжақтылық және жүйелік бағыт. Психологиялық зерттеудің қазіргі әдіснамалардың ерекшеліктері және оның жүйелік бағытпен байланысы. Жүйелік бағыттың қазіргі жағдайларындағы негізгі мүмкіндіктері мен келешегі. Психологиялық ғылымның қазіргі технологияларының арсеналы. Жүйелердің маңызды жіктелуі. Жүйелік бағыттың әр түрлілігі: кешенділік, құрылымдық, бүтіндік. Жүйелік бағыттың мәні мен мүмкіндіктері.

**9-тақырып. Отандық психологиядағы жүйелік бағыттың дамуы.** Отандық психологиядағы жүйелік бағыттың дамуы. Жүйелік бағыттың әдістемелік негіздері. Жүйелік бағыттың мәні. Психологиядағы жүйелік бағыттың мәні. Психологиядағы жүйелік бағыттың мақсаты. Жүйелік бағыттың деңгейлері.

**10-тақырып. Психологиядағы жүйелік бағытты қолданудағы әдіснамалық негіздер.** Психологиядағы жүйелік бағыттың негізгі өкілдері: Б.Г.Ананьев, Б.Ф.Ломов, А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. Б.Г.Ананьевтің жүйелік-кешенді тәсілі (индивид-тұлға-субъект). Б.Ф. Ломовтың төрт іргелі жүйелік категориясы: құрылым, функция, даму, қарым-қатынас. А.В.Петровскийдің тұлғаны жүйе ретінде қарастыруы (үш деңгейлі жүйесі: индивидтік, жеке тұлғалық, субъектілік деңгей). М.Г. Ярошевскийдің психология тарихындағы жүйелік көзқарасы.

**11-тақырып. Түйсік, қабылдау және олардың құрылымдық ерекшеліктері.** Сенсорлық жүйелер мен олардың қызметі. Қабылдаудың құрылымдық және мазмұндық аспектілері. Гештальт-психологияның қабылдау заңдылықтары. Иллюзиялар мен қабылдаудың бұрмалануы. Бейнелеу объектісінің материалдық қасиеттерін түйсіну тәуелділігі. Түйсіну бейнелерінің спецификасы. Түйсіктің негізгі қасиеттері: қарқындылығы, кеңістіктік-уақыттық құрылымы. Сезгіштіктің арақатынасы түйсік пен мидың сенсорлық қызметі мен объектінің материалды қасиетінің бейнесі ретінде. Б.Г.Ананьев бойынша адамның сенсорлық ұйымдастырылуы тарих пен филогенез процесінде пайда болған анализаторлар арасындағы тұрақты байланыстар жүйесі ретінде. Қабылдау туралы түсінік. Қабылдаудың физиологиялық негіздері. Қабылдаудың заңдылықтары. Қабылдау түрлері. Байқағыштықты дамыту. Қабылдау перцептивті әрекет

жүйесі ретінде. Қабылдаудың негізгі қасиеттері. Қабылдау теориялары. Кеңістікті, формаларды, уақытты, қозғалысты қабылдау. Қабылдау шындықты көрсетудің психикалық формасы ретінде. Бейнелік құбылыстардың басқа түрлерінің қатарындағы перцептивті бейнелердің спецификасы. Қабылдаудың негізгі теориялары мен тәсілдері. Қабылдауды оқытудың екі негізгі тәсілдерінің жалпы сипаттамасы: объектілі және субъектілі бағдарланған тәсіл. Объектілі-бағдарланған теория: Э.Титченердің құрылымдық теориясы, гештальт-теориясы, Дж. Гибсонның экологиялық теориясы. Субъектілі-бағдарланған теория: Г. Гельмгольцтің «бейсаналық ақыл-ой қорытындысы», Дж. Брунердің перцептивті болжам теориясы, У.Найссердің перцептивтік цикл теориясы. Түйсік табалдырықтары туралы түсінік. Анализаторлардың шешуші қабілеттері. Абсолютты (төменгі және жоғарғы) сенсорлық табалдырық. Дифференциалды сенсорлық табалдырық. Бугер-Вебер-Фехнер заңдылығы. Стивенс заңдылығы. Психофизика бойынша қазіргі зерттеулер.

**12-тақырып. Зейін және іс-әрекет.** Зейін, оның түрлері мен қасиеттері. «Доминанта» түсінігі және зейіндегі оның рөлі (А.А.Ухтомский коцепциясы). Зейін мен іс-әрекет құрылымын талдауда Н.А.Бернштейннің қозғалыс деңгейінің физиологиялық тұжырымдамасы мен сақиналы реттеу механизмін қолдану. Іс-әрекетті ұйымдастырудағы зейіннің рөлі. Зейін бақылау әрекеті ретінде (П.Я.Гальперин). Сана мазмұнының зейіннің феноменальды мінездемесі ретінде ажыратылуы. Сананың мазмұны мен зейін фокусы (Саңғылбаев О.С.).

**13-тақырып. Ойлау және сөйлеу: когнитивтік-психологиялық аспектілері.** Ойлаудың түрлері: индукция, дедукция, аналогия. Ойлау операцияларының түрлері: талдау – жинақтау, жалпылау – оқшаулау, абстракциялау – нақтылау, ұқсастықтар мен ерекшеліктерді табу. Сөйлеудің қалыптасуы мен қызметтері. Жан Пиаженің когнитивтік даму кезеңдері. Ойлау мен сөйлеудің өзара байланысы. Сөйлеу қызметі: коммуникативті ойлау құралы ретінде, сигнификативті, атаулы, индикативті. Түрлі психологиялық концепциялардағы ойлау мен сөйлеудің өзара қарым-қатынас мәселелері. Н.Хомскийдің трансформациялық моделі. Сөйлеудің түсіну мәселесі. Сөйлеуді қабылдау мәселесі (акустикалық, моторлық, жинақтау арқылы талдау).

**14-тақырып. Есте сақтау процестерінің теориялық негіздері.** Естің түрлері: қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, сенсорлық. Эббингауз, Бартлет, Бэддели теориялары. Эббингауздың эксперименталды зерттеулері. «Қисық ұмыту». Онтогенездегі есті дамыту. Сперлинг эксперименті. Эйдетизм феномені. Эйдетикалық бейнелердің спецификасы.

**15-тақырып. Қиял туралы түсінік.** Қиял іс-әрекеттің спецификалық түрі ретінде, «бейнелік» ойлау ретінде. Қиял түрлері. Қиял бейнелерін жасау әдістері. Қиял процесінің талдау-жинақтау сипаты. Баланың ойын іс-әрекетіндегі және ересектердің шығармашылық іс-әрекетіндегі фантазияның рөлі. Қиялды зерттеудің негізгі тәсілдері. Қиял теориялары. З.Фрейд бойынша негізгі қайта жасау қиялдары - қоюлату, тарылту, ауыстыру. Түс және түс көру. Қиял және шығармашылық. Көркемдік, музыкалық шығармашылықта бейнелер жасау. Шығармашылықтағы эмоция мен сезімнің рөлі. «Креативтілік» ұғымы. Креативтілікті диагностикалау мен зерттеудің әдістері.

## **2-пән. ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ТҰЛҒА ТЕОРИЯЛАРЫ**

**1-тақырып. Тұлға ұғымының психологиядағы орны мен мәні.** Психология ғылымындағы тұлға мәселесі. Тұлғаны анықтаудағы негізгі ұғымдар: индивид, субъект, даралық, мінез, «Мен» тұжырымдамасы. Тұлға мәселесінің тарихи-философиялық дамуы:

антикалық, діни және қазіргі заманауи көзқарастар. Мәдени-тарихи контексте даму тұжырымдамалары.

## **2-тақырып. Индивид және тұлға ретіндегі адамның кіші құрылымы.**

Адам индивид ретінде. Нейродинамикалық, конституциялық, жас ерекшелік және жыныстық сипаттамалар. Индивид – уақыт бойынша ақпарат беруді сақтайтын түрдің жүйесіндегі аз бірлік ретінде. Түр жүйесіндегі адамның негізгі қатынастары – ата-ана мен бала арасындағы қатынас, ата-бабасы мен ұрпақтардың қатынасы.

**3-тақырып. Тұлға психологиясы әдістерінің жалпы сипаттамасы.** Тұлға психологиясын зерттеу әдістері. Тұлғаны зерттеу принциптері. Тұлғаны зерттеудің негізгі әдіснамалық ұстанымдары. Тұлғаны зерттеу бағыттары: гуманистік, психодинамикалық, бихевиористік, когнитивтік, феноменологиялық бағыттар. ММРІ тұлғалық сұрақнамасын жүйелік талдау. Кеттелдің стандартты сауалнамалары. А.Ф. Лазурскийдің тұлғаны зерттеу бағдарламалары. К.К. Платоновтың тұлға картасы. Тұлға дамуын зерттеудегі әдіснамалық тәсілдердің түрлері: индуктивтік, дедуктивтік, интегративтік.

**4-тақырып. Тұлға психологиясындағы психодинамикалық теориялар (З.Фрейд, К.Юнг, Э.Эриксон).** З. Фрейдтің тұлға құрылымы туралы түсінігі (Ид, Эго, Суперэго). Психосексуалдық даму кезеңдері: олардың сипаттамасы және тұлғаға әсері. Бейсаналықтың рөлі: армандар, психикалық қорғаныс механизмдері. Қорғаныс механизмдерінің түрлері және олардың психологиялық мәні. Фрейд теориясының қазіргі психологияға әсері және сын көзқарастар. К.Юнг бойынша жеке және ұжымдық бейсана ұғымдары. Архетиптер: анима, анимус, көлеңке, мен, өздік, персона. Тұлғаның типологиясы (экстраверсия–интроверсия, рационалды–иррационалды функциялар). Өзіндік индивидуация процесі және тұлғаның рухани дамуы. К.Юнг теориясының қазіргі психотерапия мен мәдениеттануға ықпалы. Э.Эриксонның психоәлеуметтік даму кезеңдері (8 саты). Э.Эриксон бойынша әр даму кезеңінің негізгі дағдарыстары мен жетістіктері. Э.Эриксон мен З.Фрейдтің даму туралы көзқарастарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар. Э.Эриксон теориясының педагогика мен әлеуметтік психологиядағы қолданылуы. Э.Эриксонның «Мен-дербестік» ұғымы және тұлғалық даму динамикасы.

**5-тақырып. Тұлға психологиясындағы бихевиористік және әлеуметтік-оқыту теориялары (Дж. Уотсон, Б.Скиннер, А. Бандура).** Бихевиоризмнің психологиядағы пайда болуы және тарихи-әдіснамалық негіздері. Дж.Уотсонның психология пәнін мінез-құлықпен шектеуі: сана мен бейсаналықты жоққа шығару. Дж.Уотсон және классикалық шартты рефлексдер: эмоциялық реакцияларды қалыптастыру мысалдары. Дж.Уотсонның классикалық бихевиоризмі. «Стимул - реакция» моделі және оның ғылыми маңызы. Дж.Уотсонның адам дамуын қоршаған орта мен тәрбие арқылы толық анықтауға болатындығы туралы тұжырымдамасы. Б.Скиннердің оперантты үйрену теориясы: марапат және жаза арқылы мінез-құлықты қалыптастыру. Б.Скиннердің радикалды бихевиоризмі. Оперантты мінез-құлық және нығайтудың түрлері (позитивті, негативті, үзілісті, толық).

Альберт Бандураның модель арқылы үйрену теориясы: бақылау арқылы мінез-құлықтың қалыптасуы. Өзіндік тиімділік: А. Бандура теориясы негізінде тұлғаның сенімін дамыту. Бихевиористік көзқарасты қазіргі психологияда қолдану: қолданбалы мінез-құлық талдауы. Әлеуметтік-үйрену теориясы (А.Бандура): модель арқылы үйрену, когнитивтік факторлардың қосылуы. Когнитивтік бихевиоральды тәсіл – қазіргі психотерапиядағы интегративті бағыт. Бихевиористік теорияның когнитивтік психологиямен салыстырмалы айырмашылықтары. Заманауи психологиядағы бихевиоризмнің эволюциясы. Необихевиоризм (К. Халл, Э. Толмен): ішкі айнымалыларды есепке алу.

**6-тақырып. Тұлға психологиясындағы адамгершілік-гуманистік бағыт (К. Роджерс, А. Маслоу).** А. Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы теориясының құрылымы. А. Маслоудың мотивациялық теориясының заманауи ғылымдағы жалғастырушы идеялары. «Өзін-өзі жүзеге асыруға кедергілер»: ішкі және сыртқы шектеулерді талдау. Өзін-өзі жүзеге асырушы тұлға» ұғымының психологиялық мазмұны. К. Роджерстің тұлға концепциясы мен «толыққанды қызмет етуші тұлға» ұғымының сипаттамасы. Маслоу мен Роджерс теорияларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары. К. Роджерстің «шартсыз қабылдау» ұғымы: өзара эмпатиялық тыңдау дағдыларын дамыту. К. Роджерстің «Өз-Мен» тұжырымдамасы: шынайы Мен мен идеал Мен арасындағы алшақтықты анықтау.

**7-тақырып. Тұлға психологиясындағы когнитивтік теориялар (Дж. Келли, А. Бек, М. Мишел).** Когнитивтік теориялардың тұлға психологиясындағы орны мен ерекшелігі. Когнитивтік бағыттың бихевиористік және психоаналитикалық теориялардан айырмашылығы. Джордж Келлидің тұлғалық конструкциялар теориясы. Тұлғалық конструкциялар жүйесі: әр адамның әлемді түсінуі мен болжам жасауы. Қарама-қарсы конструкциялар және олардың психологиялық бейімделудегі рөлі. Конструкцияларды өзгерту арқылы тұлғаның өзгерісін түсіндіру. Аарон Бектің когнитивтік теориясы. Негізгі ұғымдар: когнитивтік схемалар, автоматты ойлар, негативті үштік («Мен – Әлем – Болашақ»). Депрессия мен мазасыздықтың когнитивтік үлгісі. Бек терапиясының тұлғалық құрылым мен сенімдерге әсері. Уолтер Мишелдің когнитивтік-аффективтік теориясы. У. Мишелдің мінез-құлықтың тұрақсыздығы туралы эмпириялық зерттеулері. У. Мишелдің жағдайлық факторлар мен ішкі когнитивтік-аффективтік бірліктердің өзара әрекеттесуі. Қазіргі тұлға диагностикасындағы когнитивтік модельдердің қолданылуы.

**8-тақырып. Экзистенциалды бағыттағы тұлға теориялары (В. Франкл, Р. Мэй).** Экзистенциалды психологияның философиялық негіздері. Экзистенциализм мен гуманистік психология арасындағы сабақтастық. Адамның болмыс, таңдау еркіндігі, жауапкершілік, шектеулілік ұғымдарының психологиялық маңызы. Виктор Франклдің логотерапиясы. Франклдің «мағынаға ұмтылу еркі» ұғымының тұлғалық дамудағы орны. В. Франклдің логотерапиясы: Өмірдің мәнін іздеу – тіршіліктің қозғаушы күші ретінде. Экзистенциалды вакуум, ноогендік невроз және өмірдің мәнсіздігі мәселесі. Франклдің «Лагерьдегі адам» еңбегіндегі тәжірибелік материалдардың теориялық қорытындылары. Логотерапиядағы үш негізгі тәсіл: дерекфронтация, мағынаны қайта табу, трансценденция.

Ролло Мэйдің тұлға концепциясы. Мэйдің экзистенциалдық аналитикасы: тұлғаның мазасыздық, кінә, еркіндік сияқты ұғымдар арқылы сипатталуы. Р. Мэйдің экзистенциалды қорқыныш пен еркіндік туралы түсінігі: қорқынышпен бетпе-бет келу. «Сана – Ерік – Тұлға»: адамның болмыстық таңдауы мен жауапкершілігін түсіну (Мэй бойынша).

**9-тақырып. Неофрейдизм және тұлға теориялары (К. Хорни, Э. Фромм, А. Адлер).** Неофрейдизмнің психоанализден айырмашылығы. Неофрейдистердің З. Фрейд теориясына жасаған сын көзқарасы. К. Хорнидің тұлға теориясы. К. Хорнидің «Невроздық қажеттіліктер» теориясы. Хорни теориясындағы «Шынайы Мен» мен «Идеалды Мен» арасындағы қайшылықтың тұлға ішкі қақтығысына әсері. Э. Фроммның тұлға типтері. Э. Фромм бойынша еркіндік және жалғыздық мәселелерінің тұлғада көрініс табуы. Э. Фроммның әлеуметтік психологиялық теориясы. Сүйіспеншілік, шығармашылық және еркін өзін-өзі таныту – Фроммның адамгершілік концепциясының негізі. А. Адлердің «толымсыздық сезімі мен компенсация» ұғымдары. А. Адлердің дара психологиясы. Адлер теориясының мотивация мен мақсатқа бағытталу тұрғысындағы ерекшелігі. Адлер теориясындағы тұлғаның өмір стилі және оның ерте балалық тәжірибемен байланысы.

**10-тақырып. Тұлғаны психологиясындағы диспозиционалдық бағыт (Г.Олпорт, Р.Кэттелл, Г.Айзенк).** Диспозиционалдық бағыттың теориялық-әдіснамалық негіздері. «Қасиет» (trait) ұғымының тұлға психологиясындағы орны. Диспозиционалдық бағыттың басқа теориялармен (бихевиоризм, психодинамика, гуманизм) салыстырмалы айырмашылықтары. Гордон Олпорттың тұлға теориясы. Г.Олпорт теориясындағы тұлғалық қасиеттердің жіктелуі: кардиналды, орталық және ситуациялық қасиеттер. Рэймонд Кэттеллдің факторлық теориясы. факторлы тұлға моделі (16PF): тұлғаның құрылымдық сипаттамасы. Кэттеллдің зерттеуінде интеллект, темперамент және динамикалық қасиеттердің арақатынасы. Айзенктің тұлға құрылымын биологиялық (нейрофизиологиялық) негізде түсіндіруі. Айзенктің экстраверсия – интроверсия, невротизм көрсеткіштері.

**11-тақырып. Тұлғаға синтетикалық көзқарастар: К. Левиннің өрістік теориясы және Р. Ассаджолидің психосинтезі.** Тұлға теорияларындағы синтетикалық (интегративті) тәсілдің мәні. К. Левиннің тұлғаны «психологиялық өріс» ретінде түсіндіруі: тұлғаның күштер векторы. К.Левин теориясының мотивация, конфликт және мақсатқа ұмтылу феномендеріне қолданылуы. Өрістік тәсілдің қазіргі когнитивтік карталар мен мотивациялық модельдермен сабақтастығы. Өрістік теория негізінде өмірлік кеңістікті карта түрінде бейнелеу. Роберто Ассаджолидің теориясындағы психосинтез құрылымы: «Мен», «жоғарғы Мен», субтұлғалар. Р.Ассаджолидің «Идеал Мен» бейнесі арқылы тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі. Ассаджолі теориясының рухани, гуманистік және экзистенциалдық психологиямен байланысы. Левин мен Ассаджолі теорияларындағы тұлға құрылымын түсіндіру ерекшеліктері. Психологиялық зерттеулерде өрістік және психосинтездік модельдердің қолдану тәсілдері. Левин мен Ассаджолі теорияларының тұлғаны тұтас зерттеуге қосқан үлесі мен ғылыми жаңашылдығы.

**12-тақырып. Тұлғаның типологиялық теориялары (Гиппократ, Юнг, Айзенк, Леонгард).** Типологиялық тәсілдің тұлға психологиясындағы орны мен ерекшелігі. Тип – психологиялық қасиеттердің тұрақты жиынтығы ретінде. Типология мен индивидуалдықтың өзара байланысы. Гиппократ – Галленнің темперамент теориясы. Темпераменттің төрт классикалық типі және олардың физиологиялық негіздері туралы көзқарастар. Карл Юнгтің тұлғалық типологиясы. Экстраверсия және интроверсия ұғымдарының тұлға құрылымындағы орны. Ганс Айзенктің типологиясы. Айзенктің биологиялық негізделген үш факторлы моделі (E, N, P): Экстраверсия – Интроверсия, Невротизм – Эмоциялық тұрақтылық, Психотизм. Айзенктің типтер теориясының темперамент пен тұлға диагностикасындағы орны. Карл Леонгардтың акцентуация теориясы. Акцентуацияланған тұлға түрлері: сипаттамасы мен жіктелуі. Акцентуация мен патология арасындағы шекаралар. Гиппократ, Юнг, Айзенк және Леонгард теорияларындағы тұлғалық типологияның ортақ және айырмашылықты негіздері.

**13-тақырып. Тұлға психологиясындағы факторлық теориялар (Айзенк, Кеттелл, Биг-Файв моделі).** Факторлық талдаудың психологиядағы рөлі. Рэймонд Кэттеллдің 16 факторлы теориясы. Кэттеллдің 16PF сауалнамасының құрылымы мен қолданылуы. Кэттеллдің тұлға құрылымындағы интеллект, темперамент және динамика ұғымдары. Ганс Айзенк теориясы: 3 өлшемді модель: Экстраверсия, Невротизм, Психотизм. Биг-Файвтің үлкен бес факторлы моделі: Экстраверсия, Жанашырлық, Жауапкершілік, Эмоционалды тұрақтылық, Интеллект/Ашықтық. Биг-Файв теориясындағы бесфакторлық модельдің универсалдылығы мен мәдениаралық валидтілігі.

**14-тақырып. Кеңес психологиясы мен посткеңестік аумақтағы психологиядағы тұлға концепциялары және оның құрылымы мен қалыптасу механизмдері.** Кеңестік психологиядағы тұлға түсініктері және оны сипаттау. Кеңестік психология және

посткеңестік аумақтағы психология ғылымындағы тұлғаның қалыптасу механизмдері, қайнар көздері, құрылымдары мен зерттеу әдістері. В.Н.Мясищевтің қатынас теориясындағы тұлға. К.К.Платонов бойынша тұлға концепциясы. А.Ф.Лазурскийдің тұлға тұжырымдамасы. А.Г. Ковалевтің тұлға тұжырымдамасы. В.С. Мерлиннің тұлға тұжырымдамасы. Д.Н.Узнадзе бойынша бағдар мен объективация ұғымдары. А.В.Петровскийдің тұлға концепциясы. Б.Г.Ананьевтің жүйелік әрі құрылымдық бағытындағы тұлға мәселесі. Б.Ф. Ломовтың тұлғаны зерттеудегі жүйелік кешенді бағыты. В.Я. Ядовтың тұлға диспозициясының иерархиялық құрылымы туралы концепциясы.

**15-тақырып. Тұлғаның іс-әрекеттік теориясы (С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, К.А.Абульханова-Славская және А.В.Брушлинский).** С.Л. Рубинштейннің субъектілік тұғыр шеңберіндегі тұлға концепциялары. А.Н.Леонтьев бойынша тұлға мотивтер иерархиялары ретінде. Іс-әрекет құрылымы: мақсат, мотив, операция – тұлғаның ішкі ұйымдасуы.. Мотивтер иерархиясы: жетекші мотивтер мен ситуативті мотивтердің өзара қатынасы. К.А. Абульханова-Славскаяның субъект теориясы. Субъектінің жағдайды өзгертуге ұмтылысы мен рефлексия қабілеті. А.В. Брушлинскийдің субъектілік әрекет теориясы.

### **3-пән. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ НЕГІЗДЕРІ**

**1-тақырып. Психологиялық кеңес берудің жалпы мәселелері.** Психологиялық кеңес берудің анықтамасы мен мақсаттары. Психологиялық кеңес беру мен психотерапияның арақатынасы. «Кеңес беру», «психотерапия», «сұхбаттасу», «психологиялық коррекция» түсініктерінің арақатынасы. Кеңес беру процесінің құрылымы. Кеңес беру ұғымы, негізгі принциптері мен мақсаттары. Психологиялық кеңес берудің түрлері. Психологиялық кеңес берудің нәтижелілігіне қойылатын шарттар.

**2-тақырып. Кеңес берудің тарихи дамуы мен бағыттары.** Кеңес беру психологиясының пайда болуы, негізгі мектептері. Кеңес берудегі гуманистік, когнитивтік, психодинамикалық бағыттар.

**3-тақырып. Психолог-кеңесшіге және оның жұмысына қойылатын талаптар.**

Психологиялық кеңес беруге және психолог-кеңесшіге қойылатын жалпы талаптар. Психологиялық кеңес берудің әртүрлі үлгілері: медициналық педагогикалық, диагностикалық, әлуметтік, психологиялық. Психологиялық кеңес берудің әртүрлі түрлеріне қойылатын арнайы талаптар. Психолог-кеңесшінің кәсіби рөлі. Кеңес берушінің міндеттері мен функциялары. Клиентпен қарым-қатынастағы кәсіби позициясы. Кәсіби даярлық және білім талаптары. Психологиялық кеңес беру бойынша теориялық және практикалық даярлық деңгейі. Кеңес беру модельдері мен тәсілдерін және психодиагностикалық және коррекциялық әдістерді меңгеру. Жеке тұлғалық сапалар: эмпатия, бейтараптық, эмоционалдық тұрақтылық, белсенді тыңдау, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас машықтары, өзара сенім атмосферасын қалыптастыру қабілеті. Этикалық және құқықтық талаптар: құпиялылықты сақтау, ерікті келісім алу, клиенттің құқықтарын құрметтеу, кәсіби этикалық кодекске бағыну. Психолог-кеңесшінің кәсіби дамуы.

**4-тақырып. Кеңес беру үрдісіндегі маман тұлғасы.** Кеңес беруші психолог тұлғасының клиентке психологиялық әсер ету тәсілінің мәселесі. Кеңесшінің кәсіби МЕН-бейне, жекелік тәжірибе конгруэнттілік мета дағдысы. Кеңесші – психотерапевт түсінігін салыстыру. Жаңадан бастаған кеңес беруші психологтің типтік қиыншылықтары, кеңесшінің «кәсіби күйіп жану» мәселесі: алдын алу шаралары, себептері, көрінулері және

жеңіп шығуы. Кеңес берушінің кәсіби кеңес беру мәселесі және супервизордың басшылығы арқылы жұмыс істеуі. Кеңес берушілерді дайындау.

**5-тақырып. Кеңес берудің этикалық принциптері.** Психологиялық кеңес берудегі кәсіби мораль мен этикалық нормалар. Кеңесші қызметіндегі моральдық жауапкершілік. Құпиялылық (конфиденциалдық) принципі. Клиент туралы ақпаратты қорғау. Құпиялылықты бұзуға болатын заңды және этикалық жағдайлар (өз-өзіне қауіп, басқаға қауіп төндіру т.б.). Клиенттің ерікті келісімі. Кеңес беру процесіне клиенттің толық ақпаратпен саналы келісімі. Шекараларды сақтау (психологиялық және тұлғалық). Кеңесші мен клиент арасындағы кәсіби қашықтық: эоционалдық, тұлғалық, қаржылық, сексуалдық шекараларды сақтау. Кеңесшінің кәсіби құзыреттілігі. Кеңес беру процесіндегі зиян келтірмеу қағидасы. Кеңес беруде адалдық және ашықтық. Кеңес берудің этикалық кодекстері. Халықаралық (АРА, ВРС) және ұлттық психологиялық қауымдастықтардың кодекстері. Кеңесші жұмысына тікелей қатысы бар нормативтер.

**6-тақырып. Кеңес беру үрдісінің құрылымы және оны ұйымдастыру.** Кеңес беру үдерісінің негізгі кезеңдері. Кеңес беру құрылымының компоненттері. Кеңес беру жұмысын ұйымдастыру формалары. Кеңес беру форматтарының ерекшеліктері. Кеңес беруді жүргізудегі техникалық және әдістемелік аспектілер. Кеңес беру процесін тиімді ұйымдастырудың шарттары. Кеңес беру процесін аяқтау және нәтижелерді бағалау

**7-тақырып. Психологиялық кеңес берудегі психоаналитикалық дәстүр.** Психоаналитикалық кеңес берудің теориялық негіздері. Психоаналитикалық кеңес беру мен психотерапияның айырмашылығы. Кеңес беру процесіндегі тасымал және контртасымал ұғымдары. Еркін ассоциациялар және түс интерпретациясы. Психоаналитикалық бағыттағы қысқамерзімді кеңес беру. Қазіргі психодинамикалық бағыттар (Балаинт, Маллер, Кернберг т.б.). Кеңес беру процесіндегі архетиптермен жұмыс. Психикалық энергия және индивидуация процесі. Кеңес берудегі еркін әңгімені қолдану, өмір тарихын талдау әдістері.

**8-тақырып. Психологиялық кеңес берудегі гуманистік бағыт (К.Роджерс, А.Маслоу идеялары).** Гуманистік психологияның пайда болу тарихы. А. Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы. Кеңес беруде қажеттілік дағдарысын диагностикалау және оның психологиялық көмектегі рөлі. К. Роджерстің клиентке бағытталған терапиясы. Кеңес берудегі үш негізгі компонент: шартсыз қабылдау, эмпатия, шынайылық (аутенттілік). Кеңесшінің рөлі: бағыттаушы емес, серіктес. Гуманистік бағыттағы кеңес беру процесінің ерекшеліктері. Гуманистік бағыттағы кеңес берудің нәтижелілігі.

**9-тақырып. Кеңес берудегі когнитивтік-бихевиоралдық терапия тұжырымдамасының негіздері.** Мінез-құлық пен эмоцияның когнитивтік құрылымдармен байланысы. Аарон Бектің когнитивтік моделі. Автоматты ойлар, дисфункционалды сенімдер және когнитивтік бұрмаланулар. Когнитивтік қайта құрылымдау техникасы. Альберт Эллистің рационалды-эмоциялық мінез-құлық терапиясы. А. Эллистің АВС үлгісі (А – оқиға, В – сенім, С – салдар). Когнитивтік-бихевиоралдық кеңес берудің негізгі әдістері мен техникалары. Когнитивтік деңгейі төмен клиенттермен жұмыс шектеулері.

**10-тақырып. Психологиялық кеңес берудегі экзистенциалды бағыт (В.Франкл, Р.Мэй, Ялом).** Виктор Франклдің логотерапиясы. Логотерапиядағы әдістер: парадоксалды интенция, дереконструкция, ноогендік невроздар. Ролло Мэйдің экзистенциалдық психотерапиясы. Ирвин Яломның терапиялық тәсілдері. Кеңес берудегі 4 негізгі экзистенциалдық "қорқыныш": өлім, еркіндік, жалғыздық, мағынасыздық.

Экзистенциалды бағыт бойынша кеңес беру әдістері: ашық диалог, терең рефлексия, философиялық сұхбат.

Экзистенциалды бағыт бойынша кеңес беру процесіндегі ерекшеліктер (симптомнан бұрын тұлғаның болмысына мән беру, клиенттің адам ретінде өсуін басты мақсат ету).

**11-тақырып. Психологиялық кеңес берудегі гештальт бағыты.** Ф. Перлз – бағыттың негізін салушы. Басты ұғымдар: фигура-фон, қазір-және-осында, толық үсіну, аяқталмаған гештальт, қорғаныс механизмдері, қуат пен қуат еркін ағымына бөгеттер нәтижелі кеңістік. Ф. Перлз бойынша невроз дамуының деңгейлері мен стадиялары. Кеңес беру процесі: мақсаттар, кеңесшінің функциялары мен рөлдері, клиент тәжірибесі, клиент пен консультант арасындағы өзара әрекет, техникалар мен процедуралар.

**12-тақырып. Психологиялық кеңес беруде нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛБ).** Нейролингвистикалық бағдарламалаудың негізгі принциптері. Психологиядағы когнитивтік-бихевиоралдық және лингвистикалық бағыттармен байланысы. Адамдардың ақпаратты қабылдау арналары: көру (визуал), есту (аудиал), сезу (кинестетик), ішкі диалог (дигитал). Кеңес беруде репрезентативтік жүйелерді анықтау және олармен жұмыс жасау. НЛБ техникалары мен әдістері: рефрейминг, Swish техникасы, мета-модель және Милтон-моделі және т.б. НЛБ кеңес берудегі қолдану бағыттары. НЛБ-ғы тілдік құрылымдар және сендіру технологиясы.

**13-тақырып. Отбасылық кеңес беру негіздері.** Отбасылық кеңес берудің ерекшеліктері. Жүйелік және отбасылық стратегиялық терапия. С.Минухин, К. Витакер, Хейли, В.Сатир, милан мектебінің тәсілдері. Отбасының даму кезеңдері. Отбасы жүйесінің параметрлері: отбасылық ереже, мифтер, өзара әрекеттесу стесотиптері, отбасыны тұрақтандырушы факторлар. Отбасылық тарих. Жүйелік отбасылық терапияның әдіснамалық қағидалары: циркулярлық, болжамдылық, бейтараптық. Отбасылармен жұмыс жасау кезінде қолданылатын психотерапиялық техникалар мен тәсілдер. Отбасы жүйесіне психотерапиялық ықпал етудің кезеңдері.

**14-тақырып. Кеңес беру және психотерапияда жұмыс жасаудың топтық формалары.** Топтық психотерапияның жалпы теориясы. Кеңес берудегі топтық формалар. Топтық психотерапия дамуының тарихы. Топтағы динамикалық процестер. Топтық терапевтік процестердің стадиялары. Қазіргі заманғы топтық терапияның бірқатар бағыттары.

**15-тақырып. Кеңес берудегі супервизия және кәсіби даму.** Супервизия ұғымы және оның маңызы. Супервизияның мақсаттары мен міндеттері. Супервизия түрлері. Супервизия үдерісінің құрылымы. Кәсіби дамуға арналған ұсыныстар мен стратегиялар. Супервизия этикасы. Кеңес беру сапасын арттыруда супервизияның рөлі

### **8D03105 –Психология білім беру бағдарламасы бойынша эссе тақырыптары:**

1. Мен және менің мамандығым.
2. Психолог – болашақ ғылымы.
3. ХХІ ғасыр – психология ғасыры.
4. Ақпараттық дәуірдегі психологиялық технологиялар.
5. Психика және эволюция.
6. Психология ғылымының қазіргі даму тенденциялары мен болашағы.
7. Тұлғаның ішкі әлемін зерттеудегі сапалы әдістердің мүмкіндіктері мен шектеулері.
8. Заманауи қоғамдағы психологиялық тұрақтылық феномені.
9. Цифрлық технологиялар мен психология: жаңа парадигмалар.
10. Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы: заманауи көзқарас.
11. Адам психикасының биологиялық және әлеуметтік дамуы.
12. «Мен адамдар әлеміндемін».
13. Экологиялық психология және адамның табиғи ортада өзін сезінуі.
14. Тұлға және қоғам.
15. Қазақстандағы психология ғылымының дамуындағы ұлттық ерекшеліктер.

### **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Акажанова А.Т., Түркпенұлы Ж. Психология тарихы. Оқулық. – Алматы: NURPRESS, 2019. – 292 с.
2. Алдамұратов Ә. Т.б. Жалпы психология. – Алматы: Эверо, 2011. – 216 б.
3. Маклаков А.Г. Общая психология. – СПб: Питер, 2005. – 592 с.
4. Мироненко И.А. Современные теории в психологии личности. – СПб изд. Михайлова, 2003. – 224 с.
5. Жарықбаев Қ. Б. Он томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Оқулық. Алматы :Эверо. т. II: Жалпы психология. 2019. – 324 б.
6. Жигитбекова Б.Д. Топтық психотерапия. - Алматы. Абай атындағы ҚазҰПУ.2008. - 128 б.
7. Бапаева М.Қ. Әбеуова И.Ә., Бапаева С.Т..Тұлға психологиясы: оқулық. - Алматы: Нұрлы Әлем, 2010. - 192 б.
8. Бердібаева С.Қ. Тұлға психологиясы: Оқу құралы / әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. - Өңд., толықт, 2-басылым - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 154 б.
9. Абеуова И.Ә. Тұлға психологиясы : Оқулық. - Алматы: Отан ЖҚ, 2014. - 192 б. [https://e-lib.dulaty.kz/lib/document/SK\\_ELIB/3FF91446-1F13-4288-83A1-D4F3A95E4BA5/](https://e-lib.dulaty.kz/lib/document/SK_ELIB/3FF91446-1F13-4288-83A1-D4F3A95E4BA5/)
10. Холл, Кэлвин С. Теории личности / Пер.с англ. И.Б.Гриншпун. - М.: ЗАО Изд-во Эксмо-Пресс, 1999. - 592 с.
11. Шадрин Н.С. Психология личности: Учебное пособие / Н С.Шадрин. - Астана: Фолиант, 2012. - 152 с. <https://dokumen.pub/9786010413610.html>
12. Калина Н.Ф. Психология личности: учебник для вузов. - Москва: Академический Проект, 2015. - 216 с. <https://www.iprbookshop.ru/36517.html>
13. Григорьев Н.Б. Психологическое консультирование, психокоррекция и профилактика зависимости [Электронный ресурс]: учебное пособие / - СПб.: Санкт-Петербургский государственный институт психологии и социальной работы, 2012. - 304 с. - <http://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=277327>.
14. Смолова Л. В. Психологическое консультирование [Электронный ресурс]: учебное пособие / - М.: Флинта, 2016. - 416 с. - <http://e.lanbook.com/book/74645>.
15. Якиманская И.С. Психологическое консультирование [Электронный ресурс]: учебное пособие / И.С. Якиманская, Н.Н. Биктина; Министерство образования и науки Российской Федерации. - Оренбург: ОГУ, 2015. - 230 с. - <http://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=364901>